

«Шығыс Қазақстан облысының білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ ақпараттық жұмысты ұйымдастыру туралы АНЫҚТАМА

Цифрлық трансформация жағдайында, қоғамдық бірлестіктер қызметінің ашықтығына қойылатын талаптар артып отырған қазіргі кезеңде ақпараттық сүйемелдеу кәсіподақ құрылымдарының тиімді жұмыс істеуінің негізгі тетіктерінің біріне айналуға. Шығыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы кәсіподақ мүшелерін уақытылы ақпараттандыруға және ұйымның оң имиджін қалыптастыруға бағытталған ақпараттық жұмысты жүйелі түрде жолға қойып келеді.

Облыстық ұйым құрамында 545 бастауыш кәсіподақ ұйымы және 31 208 кәсіподақ мүшесі бар 13 филиал қызмет атқарады.

Ақпараттық қамтамасыз ету міндеттері ұйымдастыру жұмысы жөніндегі бас маман А.З.Қонақбаеваға жүктелген, сондай-ақ ол қоғамдық негізде төрағаның орынбасары қызметін қатар атқарады. Аппарат құрылымында ақпараттық сүйемелдеуге немесе баспасөз хатшысы функцияларын жүзеге асыруға жауапты жеке штаттық бірлік қарастырылмаған.

2024-2025 жылдары облыстық ұйымның Атқару комитеті ақпараттық қызметтің жай-күйі және оның тиімділігін арттыру шаралары туралы мәселені екі рет қарап, тиісті шешімдер қабылдаған.

Кәсіподақ құрылымының барлық буындарында ақпараттық қызметтің толыққанды жұмыс істеуіне жағдай жасау – басым бағыттардың бірі, сонымен қатар, барлық деңгейдегі кәсіподақ органдарының қызметі туралы жедел, шынайы және толық ақпарат ұсыну арқылы кәсіподақ мүшелерін қажетті деректермен қамтамасыз ету негізгі мақсат болып қала бермек.

Облыстық ұйым өзінің ақпараттық қызметінде Салалық кәсіподақтың сайтын белсенді қолдануда:

- 2023 жылы: 92 материал;
- 2024 жылы: 173 материал;
- 2025 жылдың 11 айында: 163 материал.

Әлеуметтік желілердегі жұмысқа ерекше назар аударылады. 2022 жылғы ақпанда ашылған Facebook-тегі ресми парақшасында 6,2 мың жазылушы тіркелген және мүшелік ұйымдар арасындағы ең белсенді парақшалардың бірі. Парақшада кәсіподақ қызметінің негізгі бағыттары, әлеуметтік әріптестік пен еңбек қауіпсіздігі мәселелері, спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралардың қорытындылары жүйелі түрде жарияланып отырады, сондай-ақ педагогикалық әулеттер, жұмысшы мамандықтарының өкілдері, қайырымдылық бастамалары мен кәсіподақ ардагерлері туралы материалдар орналастырылады.

Облыстық ұйымның Instagram әлеуметтік желісінде (714 жазылушы, жазылушылар саны бойынша өңірлер арасында 8-орын) және Aitu платформасында да парақшалары бар.

Ұйымның ақпараттық қызметі бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да жүзеге асырылады. Материалдар аудандық және республикалық басылымдарда, оның ішінде «Достық», «Мектеп және қоғам», «Qazaqstan kasiropodagy», «Уланские зори», «Тұғырлы Тарбағатай», «Лениногорская правда», «Жерұйық», «Samar tynysy» газеттерінде жарияланады. Кәсіподақ активі үшін кәсіподақ жұмысының түрлі бағыттары бойынша 13 ақпараттық бюллетень әзірленген. Жергілікті кәсіподақ «Кәсіподақ активіне көмек ретінде» атауымен электрондық папка жасақталған. Аталған папкаға әдістемелік материалдар, нұсқаулықтар, ұсынымдар мен медиаконтент жинақталған, оларға QR-код арқылы қол жеткізу мүмкіндігі қамтамасыз етілген.

11 филиалдың ақпараттық белсенділігіне жүргізілген талдау нәтижелері олардың тоғызында Facebook әлеуметтік желісінде, ал екеуінде Instagram-да ресми парақша бар екенін көрсетті. Көптеген филиалдарда ақпараттық жұмыс жүйелі түрде жүргізілмейтіні, материалдар тұрақты жарияланбайтынын, репосттардың үлесі басым, сәйкесінше жергілікті деңгейдегі ақпараттық күн тәртібін қалыптастырмайтыны байқалды:

Өскемен қаласы – facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=61580870107072> Жалпыға қолжетімді жарияланымдар жоқ, соңғы әрекет – 2025 жылдың 17 қыркүйегінде профиль суретін жаңарту.

Тарбағатай ауданы - facebook-топ (360 жазылушы): <https://www.facebook.com/groups/993189211563167/>. Негізінен кәсіподаққа қатысы жоқ материалдар орналастырылады, жеке контент сирек жарияланады. Топ ресми ақпараттық алаңның функциясын атқармайды.

Ұлан ауданы - facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=61575271302620> Парақшада барлығы 65 жазылушы, соңғы жазба 2025 жылдың 21 тамызы күні жарияланған. Жарияланымдар негізінен репосттар, белсенділік төмен.

Самар ауданы - facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100092143562811>. Соңғы меншікті материал 2023 жылғы 22 желтоқсанда орналастырылған.

Күршім ауданы - facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=61575564004017>–Парақшада барлығы 30 жазылушы, айына орта есеппен екіге дейін жазба жарияланады. Белсенділік төмен, контент шектеулі.

Қатон-Қарағай ауданы - facebook: https://www.facebook.com/Katonkasypodak2024?locale=ru_RU Барлығы 23 жазылушы, тек логотиптер орналастырылған. Парақша жүргізілмейді.

Риддер қаласы - facebook-топ (225 жазылушы): <https://www.facebook.com/groups/600856043837357> ҚРКФ, ОК және облыстық комитет материалдарының репосттары жарияланады, меншікті материалдар аз.

Шемонаиха ауданы - facebook-топ (45 жазылушы): <https://www.facebook.com/groups/2091586704348293>. Үзілістен кейін 2025 жылдың қыркүйегінен бастап қайта жүргізіле бастаған, айына 2-3 жазба орналастырылады. Белсенділік қалпына келтірілгенімен, қамту көрсеткіші әлі төмен деңгейде.

Алтай ауданы - facebook: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100082157681527> Барлығы 9 жазылушы, соңғы жазба – 2024 жылдың қыркүйегі. Парақша жүргізілмейді.

Instagram: https://www.instagram.com/profsouz_altai/ - 155 жазылушы, контент үнемі жарияланып отырады, алайда фотолардың сапасы төмен, визуалды стиль қалыптаспаған. Визуалды безендіру сапасын арттыру қажет.

Глубокое ауданы - instagram: https://www.instagram.com/profsouz_obr/433 жазылушы, белсенділік бар, бірақ фотолардың сапасы төмен. Визуалды безендіруді жақсарту қажет.

Барлық филиалдарда әлеуметтік желілердегі парақшаларды жүргізу міндеті негізінен төрағаларға жүктелген. Ақпараттық жұмысқа жауапты жеке маман бекітілмеген. Бұл жағдай тек Шығыс Қазақстан облысына ғана тән емес, барлық өңірлерде осындай сипаттағы проблема байқалады. Ақпараттық жұмыс ұйым қызметінің басым бағыттарының қатарына енгізілмеген деген қорытынды жасауға негіз бар, бұл өз кезегінде анықталған мәселелердің негізгі себептерінің бірі болып отыр.

Барлық өңірлерде аталған функция ақпараттық қамтамасыз ету негізгі лауазымдық міндеті болып табылмайтын, қосымша жүктеме ретінде атқаратын қызметкерлерге жүктелген.

Осыған байланысты келесі кемшіліктер орын алуда: жарияланымдардың жүйесіздігі, бірыңғай визуалды стильдің болмауы, материалдардың аналитикалық мазмұнының әлсіздігі, ақпараттық қамтудың төмен деңгейі. Осы себептерге орай ақпараттық жұмысты жүргізу мәселелері бойынша бұған дейін өткізілген семинар-кеңестер тиісті нәтиже бермеді.

Орталық комитет аппаратының баспасөз қызметі барлық деңгейдегі кәсіподақ ұйымдарының ақпараттық жұмысын қазіргі цифрлық дәуір талаптары мен кәсіподақ мүшелерінің сұраныстарына сай түбегейлі реформалау қажет деп санайды. Реформа ақпараттық материалдардың жүйелілігін қамтамасыз етуді және сапасын арттыруды ғана емес, сонымен қатар ақпараттық жұмысты жүргізудің бірыңғай стандарттарын бекітуді, әлеуметтік желідегі парақшалардың визуалды және медиалық ресімдеуді жетілдіруді, өңірлік және жергілікті күн тәртібін дамыту мен кәсіподақ мүшелерімен тұрақты кері байланысты қамтамасыз етуді көздейді.

Шығыс Қазақстан облысы бойынша негізгі коммуникация арнасы ретінде облыстық ұйымының ресми парақшасын белгілеу ұсынылады. Аудандық және қалалық деңгейдегі жеке парақшаларды жүргізуді тоқтатып, қолда бар ресурстарды облыстық ұйымның бірыңғай орталық ақпараттық

алаңын мазмұндық тұрғыдан толықтыру мен дамытуға шоғырландыру ұсынылады.

Ақпараттық жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында ай сайын контент-жоспар бекіту, тұрақты айдарлар ашу: тікелей эфирлер, іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеу, пайдалы кеңестер, құқықтық түсіндірмелер, жиі қойылатын сұрақтарға жауаптар және өзге де тақырыптық айдарлар жүргізу ұсынылады. Сонымен қатар ақпараттық жұмыстың нәтижелілігі оны жүзеге асыратын қызметкердің кәсіби біліктілік деңгейіне тікелей байланысты екендігін ерекше атап өткен жөн.

Кешенді және жан-жақты ойластырылған тәсілді қамтамасыз ету: жарияланымдардың жүйелілігі, контенттің мазмұндық әртүрлілігі, бірыңғай стандарттардың сақталуы және сапаны тұрақты бақылау кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, кәсіподақтың мүшелер алдындағы беделін арттыру, ақпараттық қамтуды және жазылушылар санын ұлғайту, ашық және жария коммуникацияны қамтамасыз ету, кәсіподақ мүшелерінің құқықтарын қорғаудың тиімді құралдарын қалыптастыру әрі кәсіподақ органдарының қызметіне деген сенімді нығайтуға жол ашады.

Орталық комитет аппаратының баспасөз қызметі